

бизнес цикл ауытқуын тегістеу үшін негізінен жасалған монетарлық және фискалдык саясаттың күші арқылы болуы мүмкін емес. Технологиялық дамудың жаңа деңгейіне экономиканың көшуді қамтамасыз ету мақсатында экономика құрылымдық өзгерісті талап етеді. Сонымен қатар, құрылымдық реформаларды жүзеге асыру үшін елдер арасындағы экономикалық байланысты ескере отырып, ұзақ мерзімде жаһандық үрдістердің нәтижесі ретінденеуі. ЕАЭО интеграциялық процестер осы процестерді басқаруға және ұлттық стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лавров С.В. Евразийский интеграционный проект: устремленность в будущее /Евразийская интеграция в XXI веке /Ред. группа: А.А. Климов, В.Н. Лексин, А.Н. Швецов. - М.: ЛЕНАНД, 2012. – 297 с.

2. Васильева Н. А., Лагутина М. Л. К вопросу о формировании Евразийского союза: теоретический аспект //Евразийская интеграция: экономика, право, политика.- 2011. - №10.

3. Шишков Ю.В. Отечественная теория региональной интеграции: опыт прошлого и взгляд в будущее //Мировая экономика и международные отношения. – 2012. - № 4. - С. 18-25.

4. Шкваря Л.В. Становление и эволюция российской экономической школы международной экономической интеграции //Проблемы и перспективы развития сотрудничества между странами Юго-Восточной Европы в рамках черноморского экономического сотрудничества и ГУАМ: сб. науч. труд. /Донец.нац. унив-т. РФ НИСИ, 2011. – С. 34-43.

**Шубаев А.К.** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Бизнес, құқық және технологиялар факультеті, Ю-32 қ. тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент Сатбаева Қ.*)

## **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ, ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БЕКІТІЛУІ**

Әрбір мемлекет оның ерекшеліктерін білдіретін нақты белгілермен сипатталады. Ол демократиялық не тоталитарлық, республика не монархия және т.б. болуы мүмкін. Осындай белгілер жиынтығы белгілі бір нысан, мемлекетті ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі, немесе мемлекеттік құрылыс туралы айтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің конституциясымен бекітілген осы құрылыс, оның конституциялық құрылысы болып табылады. Сонымен, конституциялық құрылыс – бұл мемлекеттің конституциясында бекітілген белгілі бір нысан, мемлекетті ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі [1, б.34].

Дегенмен конституциялық құрылыстың Қазақстан Республикасының Конституциясында орын алған және барлық мемлекеттерге бірдей қатысты емес, тек нысаны, ұйымдастыру тәсілі оны конституциялық мемлекет деп тануға мүмкіндік беретін нақты қатал белгілері бар мемлекетке ғана қатысты өзге де ұғымы бар.

Мемлекетте конституцияның болуы мұндай мемлекетті конституциялық мемлекет қатарына жатқызуды білдірмейді. Конституциялық мемлекет ең алдымен онда мемлекеттің құқыққа бағынуы қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Кез-келген мемлекеттің, соның ішінде тоталитарлық мемлекеттің де, белгілі бір деңгейде құқыққа бағынышты екені белгілі. Бірақ, мемлекеттің толық мөлшерде құқыққа бағынуы үшін, тиісті кепілдіктер қажет. Олар өз жиынтығында конституциялық құрылыс деп атауға лайық нысанды, мемлекетті ұйымдастыру тәсілін қамтамасыз етеді.

Сондықтан, конституциялық құрылыс – бұл мемлекеттің құқыққа бағыныштылығын қамтамасыз етуші және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттаушы мемлекетті ұйымдастыру нысаны (не тәсілі).

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс тұжырымдамасының және оның Конституциясының негізінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары мызғымастығынан туындайтын ұлы идеялар жатқызылған. Еліміздің Негізгі Заңында мемлекет өзіне Конституциямен бекітілген мәселелерді шешуге ғана құқығы бар қоғамның ресми өкілі ретінде бекітілген.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы қалыптасушы қоғамдық қатынастардың тұтас жүйесін біріктіретіндіктен, оның бекітілуіне жекелеген құқықтық

нормалар ғана емес, тіпте жекелеген құқық салалары мен заңнамасы да емес, қазақстандық құқық пен заңнаманың барлық салалары қатысады.

Қазақстанның конституциялық құрылысын реттеуші құқықтық нормалар арасында Қазақстан Республикасының Конституциясы негізгі орынды иемденеді, өйткені Конституция жоғары заңдық күшке ие және ағымды заңнаманың базасы болып табылады.

Ал Конституция нормалары арасында мемлекеттік құрылыстың адамгершілік мәнін, Қазақстанның демократиялық елдер қатарына жататынын анықтайтын қазақстандық конституциялық құрылысты бекітуші нормалар ерекше орында тұр. Бұл Қазақстанды конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын конституциялық құрылыс негіздері туралы нормалар.

Басқаша айтар болсақ, мемлекет құрылысы, оның конституциялық мемлекет сипатын қамтамасыз етуші негізгі принциптері Қазақстанның конституциялық құрылыс негіздері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық құрылыс негіздеріне арналып, конституциялық реттелуші қоғамдық қатынастардың кең көлемін қамтыған арнайы бөлім бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес конституциялық құрылыс негіздеріне, ең алдымен, әрбір конституциялық мемлекетке тән негіздер жатады. Олардың қатарында халық егемендігімен, биліктің бөлінуімен, идеологиялық және саяси әр алуандылықпен жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындаумен және оған кепілдік берілуімен анықталатын демократизм, сонымен қатар конституциялық мемлекет орнауының көрінісі болып табылатын құқықтық мемлекет. Конституциялық мемлекет негізі адам, оның құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып танылуынан тұрады.

Құқықпен бекітілген әлеуметтік теңдік принциптері басты мақсаты болып табылатын конституциялық құрылыстың әлеуметтік мемлекет ретіндегі негізі және саяси әр алуандылықты рухани әр алуандылықпен толықтырушы зайырлы мемлекет ретіндегі негізі жоғарыдағы негіздермен үзіліссіз байланысты.

Конституциялық құрылыс негіздерінің қатарына мемлекет Конституциясымен бекітілген біртұтастық, егемендік және президенттік басқару нысаны да жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес (1 бап) Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде орнықтырады. Демократия, ең алдымен, халық билігінен; биліктің заң шығарушы, атқарушы сот биліктеріне бөлінуінен; саяси әр алуандылықтан; жергілікті өзін-өзі басқарудан көрініс береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратындығы анықталған. Ешқандай дін ресми, мемлекеттік дін ретінде танылмаған және қандай да болмасын дінді ұстану міндетті болып табылмайтын, ешқандай дінге мемлекет тарапынан артықшылық көрсетілмейтін мемлекетте зайырлы мемлекет орнау мүмкіндігі болады. Мұндай мемлекетте діннің, сонымен қатар діни бірлестіктердің мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік органдар қызметі мен олардың лауазымды тұлғаларына, мемлекеттік білім жүйесіне және өзге де мемлекет қызметінің салаларына ықпал ету құқығы жоқ. Мемлекеттің зайырлы сипаты, әдетте, діни бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылумен және мемлекеттік білімнің зайырлы сипатымен қамтамасыз етіледі (мектепті шіркеуден айыру). Мемлекет пен шіркеудің (өзге де діни орындардың) мұндай өзара қатынастары көптеген елдерде белгіленген (АҚШ, Франция, Польша және басқ.).

Дегенмен, қазіргі заманауи әлемде мемлекеттік немесе ұлттық деп аталатын ресми дін заңды түрде әрекет ететін мемлекеттер де бар. Мысалы, Англияда мұндай дін англикандық дін болып табылса, ал Израилде – иудейлік. Барлық діндердің теңдігі жарияланған мемлекеттер де бар (ГФР, Италия, Жапония және т.б.). Дегенмен, мұндай мемлекетте аса дәстүрлі діннің бірі, әдетте, белгілі бір артықшылықтарды пайдаланады, мемлекет өміріне ықпал жасай алады.

Мемлекеттік билікке шіркеу иерархиясы иелік ететін, зайырлы мемлекетке қарама-қарсы теократиялық мемлекеттер де болады. Бүгінгі күні мұндай мемлекет – Ватикан.

Әлемде бірқатар клерикалық мемлекеттер де бар. Клерикалық мемлекет шіркеу не өзге де діни орындармен бірікпеген. Дегенмен олар заңнамада бекітілген институттары арқылы мемлекеттік саясатқа белгілі деңгейде ықпал ете алады, ал мектептегі білім жүйесіне міндетті

түрде діни догматтарды оқыту енгізіледі. Мұндай мемлекеттер қатарына Иранды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде ондағы діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігімен, ешқандай дінге артықшылық көрсетілмеуімен сипатталады.

Діни бірлестіктің мемлекеттен бөлінуі мемлекеттің азаматпен қандай дінді таңдауына, оның дінге деген қатынасын өзі анықтауына, ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың өз сенімдеріне сәйкес және баланың ар-ождан бостандығы мен діни бостандыққа құқығын ескере отырып тәрбиелеуіне араласпауын білдіреді. Мемлекет діни бірлестіктерге мемлекеттік билік органдарының, өзге мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін орындауды жүктемейді, олардың қызметіне заңсыз араласпайды, мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім берудің зайырлы сипатын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде діни дәстүрлер және рәсімдер қолданылмайды.

Сонымен қатар мемлекет діни бірлестіктердің заңды қызметін қорғайды. Ол діни ұйымдарға салықтық және басқа жеңілдіктер беруді реттейді, тарих пен мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен объектілерді қорғауда, оларды жөндеуде діни ұйымдарға материалдық, қаржылық және өзге де көмектер көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес діни ұйымдармен құрылған білім беру мекемелерінде жалпы білім беру пәндерін оқытуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің конституциялық принципіне сәйкес діни бірлестік өзінің иерархиялық және институциялық құрылымының негізінде құрылады және қызметін жүзеге асырады, өз қызметкерлерін өзінің ережелеріне сәйкес сайлайды, тағайындайды және ауыстырады. Діни бірлестік мемлекеттік билік органдарының, өзге мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жүзеге асыра алмайды, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатыса алмайды, саяси партиялар қызметіне қатыспайды, оларға материалдық және өзге де көмек көрсете алмайды. Бұл дін басыларының мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мүлдем сайлана алмайтындығын білдірмейді. Дегенмен діни қызметкерлер бұл органдарға діни бірлестіктер атынан және тиісті шіркеу өкілі ретінде сайлана алмайды.

Діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі оның мүшелерінің өзге азаматтармен қатар мемлекеттік істі басқаруға, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға, саяси партиялардың, саяси қозғалыстардың және өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатысуға құқықтарын шектемейді.

Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер заңды сақтау шартын қатал ескере отырып, өздерінің ережелері негізінде әрекет етеді. Қазіргі уақытта аталмыш мәселелерді реттейтін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы [2, б.27].

Осы Заңға сәйкес жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары және монастырьлер Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер болып танылады.

Діни мүдделері мен қажеттіліктерін бірігіп қанағаттандыру мақсатында құрылған азаматтардың ерікті бірлестіктері Қазақстан Республикасындағы жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар) болып табылады.

Діни басқармалар (орталықтар) өздерінің жарғыларына (ережелеріне) сәйкес діни оқу орындарын, монастырьлерін және өзге де бірлестіктерін құруға құқылы және олар осы құжаттар негізінде әрекет етуі қажет.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады (1 бап).

Құқықтық мемлекет идеясының көп ғасырлық тарихы бар. Оның түбірі антик қоғамында жатыр. Құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізі И.Кантпен қалыптастырылған.

Құқықтық мемлекет идеясының мәні – оның дәйекті демократизмі, халық егемендігінің билік бастауы ретінде бекітілуі, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Өзінің ең қажетті ерекшеліктері мен институттары ретінде билік бөлуді, тәуелсіз сотты, басқару заңдылығын, азаматтардың құқықтарын мемлекеттік биліктің бұзуынан құқықтық қорғау және оларға жария мекемемен келтірілген зиянның орнын толтыру. «Құқықтық мемлекеттің

қалыптасуында заң ережелерін мемлекеттің, оның органдарының және лауазымды адамдардың орындауының айрықша мәні бар» [3, б.77].

Құқықтық мемлекет белгілері:

1. Құқықтың мемлекеттен үстемдігі.
2. Дамыған азаматтық қоғамды қалыптастыру.
3. Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету үшін материалдық, саяси, ұйымдық, т.б. кепілдіктер.
4. Мемлекеттік биліктің бөлінуі (заң шығарушы, атқарушы, сот)

Құқық үстемдігі құқықтық мемлекеттің аса маңызды принципі болып табылады.

Құқық үстемдігі – бұл заң үстемдігі. Заң үстемдігі негізгі қоғамдық қатынастардың заңдармен реттелуінен көрінеді. Заң үстемдігі оның жалпыға бірдейлігінен де білінеді. Яғни қоғам өмірінің аса маңызды салалары заңмен реттелуі керек, керісінше жағдайда өзге актілер заңдарды ығыстырып, олардың орнын басып алуы мүмкін.

Заң үстемдігі ондағы жазылған ережелердің мызғымастығын, ал қоғам өмірінің барлық субъектілерінің оның нормаларына мүлтіксіз бағынуын білдіреді. Сондықтан мемлекеттің Негізгі Заңының 34 бабында әркімнің Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтау міндеті бекітілген.

Әрине, құқықтық мемлекетте барлық құқықтық нормалар сақталуы қажет. Дегенмен осы нормалардың өзі халық мүдделері мен еркіне толық деңгейде сәйкес келуі қажет. Мұндай жағдайға қол жеткізу үшін барлық құқықтық нормалар Қазақстанның заң шығарушы органымен қабылданған және аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілерге – заңдарға сәйкес болуы қажет.

Заңдар халықтың мемлекеттік еркін білдірудің жоғары нысаны ретінде мемлекеттің басқа нормативтік актілеріне карағанда басым заңдық күшке ие және құқықтың барлық жүйесінің негізін құрады.

Сондықтан құқықтық мемлекет заң үстемдігін жариялаумен және қамтамасыз етумен конституциялық құрылыстың заңда бекітілген іргелі принциптері мен құндылықтарын нығайтады және оның басты идеяларын жүзеге асырады.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда, 1993 жылғы Конституцияда Қазақстан халқының құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлап отырғаны баяндалса, ал 1995 жылғы Конституцияда Қазақстан өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратыны айқындалады. Екі ережені салыстыра келгенде, құқықтық мемлекет туралы ұғымда бағдарламалық сипаттағы элементтердің бар екені, ал өзіміздің шындығында құқықтық мемлекетке апаратын жолда келе жатқанымыз жайында пікір түйгеніміз орынды. Мұның өзі – мемлекет өткен кезеңдердің, әсіресе тоталитаризмнің келеңсіз сарқыншақтары түрінде, біздің көпшілігіміздің әлі де заңдарды менсінбеушілігіміз және кей кездерде тіпті жаппай заңдылықты ескермеуіміз түрінде ұшырасатын кедергілерді еңсере келе бойына сіңіретін қасиет [4, б.70].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козлова Е.И., Кутафин О.Е. Конституционное право России. - М.: Юристъ, 1998.
2. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, 22.12.2016 ж. өзгертулермен (электрондық «Әділет» базасына сәйкес 23.03.2019 жылғы жағдай бойынша)
3. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: академиялық курс: Оқулық. – Өңд., толық. 3-ші бас. — Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 536 б.
4. Кубеев Е.К. Основы конституционного строя – ведущий институт конституционного права Республики Казахстан. – Караганда, 2000. – 157 с.